

Хаттама №2

Өткізілген күні: 20.12.2023 жыл

Қатысқандар: Тәрбиешілер

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Заңнамасымен таныстыру»
(баяндама) директор м.а. А.С.Сагындыкова
2. «Білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу»
(баяндама) тәрбиеші Бейсенбаева С.К.
3. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Бөбекжай директоры м.а. А.С. Сагындыкова сөз алды.

Сыбайлас жемқорлық-мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. «Сыбайлас жемқорлық» сөзі (латын тілінен «соупрег») көптеген мағынасы бар: бүлдіру, күлдірау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалылық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысын таптау, «супреге» көп мағыналы (бұзу, қирату, заңнан аттап өту, шартты бұзу) етістігімен қатар қолданылатын «со» қосымшасы сыбайлас жемқорлық-бұл бірнеше субъектілердің қатысуымен іс-қимыл жасау екенін көрсетеді. Бұдан өзге, латынша «corruptio» «параға сатып алу», іріп-шіру» дегенді білдіреді, «сыбайласу» етістігі «біреуді ақшамен немесе өзге де материалдық игіліктермен параға сатып алу» дегенді білдіреді. Рим құқығында «соуприге» сөзі сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, алдау, бұрмалау, параға сатып алу, сондай-ақ «күлдірау. бұзылғандық, нашар жағдай, (пікір немесе көзқарастың) құбылмалылығы» деген мағынаны білдіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» ұғымы «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп тусініледі. Сондай-ақ ол білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім - тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі». «Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында тусіндіру жұмыстарын жүргіту, әлеуметтік маңызды.

2-мәселе бойынша: тәрбиеші Бейсенбаева С.К. сөз сөйледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның бірінші кезеңін іске асыру табысты аяқталды, бұл оны орындаудың алғашқы нәтижелерін ұғыну қажеттілігін өзектендіреді. 2015 жылғы 18 қарашада бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» ҚР Заңының талаптары тұрақты әзірлеуге негіз болған осы жыл сайынғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндамада өзінің көрінісін тапты. Аталған баяндаманы әзірлеу үрдісі, құрылымы және мазмұны «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндаманы дайындау. Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және оны жариялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылы 29 желтоқсандағы N 154 Жарлығына сәйкестендірілген. Ұлттық баяндаманың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша практикалық іс-шараларды әзірлеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдірумен Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және оның таралуының жай-күйі мен үрдісіне объективтік талдау болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес Ұлттық баяндама сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жұмысының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басқа да субъектілері (мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің) қызметінің нәтижелері негізінде қалыптастырылады.

3-мәселе бойынша: Ертөстік аралас орыс тобының тәрбиешісі Байбатшаева Зейнегүл сұрақ қойды. Ата - аналар жаңа жыл мерекесіне орай балаларына сыйлыққа ақша жинауға бола ма деп сұрап жатыр?

Бұл сұраққа бөбекжай әдіскері жауап берді:

-Жок, жаңа жыл мерекесі болсын, басқа да мереке болсын бөбекжайда ақша жинауға болмайды. Ата - аналарға солай түсіндіріңіздер.

Қорытынды: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңымен таныстыру күн гәртібіндегі барлық айтылған мәселелердің өзектілігі мен ауқымы өте жоғарғы деңгейде өтті.

Шешімі:

1. Сыбайлас жемқорлық фактілерінің бөбекжайда жүзеге асуына ұйымдасуына жол берілмесін.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу мен мәлімет беру С.К. Бейсенбаеваға жүктелсін.

Комиссия төрайымы:
Хатшы:



директор м.а. А.С.Сагындыкова
Сарсекеева Г.М.